



ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2025 жылғы 19 тамыз

7119-25-00-2/8529

Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

«Астана қаласының тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:

«BI Clients Service 1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

нұсқаманы орындауға міндеттеу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Астана қаласының тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «BI Clients Service 1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне нұсқаманы орындауға міндеттеу туралы талабы – қанағаттандырылсын.

«BI Clients Service 1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2025 жылғы 27 желтоқсандағы № 80 анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы орындауға, атап айтқанда, Астана қаласы, Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы даңғылы (проспект), 2/9 үй мекенжайында орналасқан көпқабатты тұрғын үй Кондоминиум нысанының жалпы меншігіне жататын бөліктеріндегі ақауларды жоюды растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттелсін.

«BI Clients Service 1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья

Т. Шамшильдин

